

Шемонаиха ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 13 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 ақпанда № 4876 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 27, 50-баптарына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шемонаиха ауданы әкімдігінің "2015 жылға Шемонаиха ауданы аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы № 395 қаулысының (2014 жылғы 31 желтоқсанда "Уба-Информ" газетінің № 53 санында жарияланған, Құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3586 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Шемонаиха ауданы әкімдігінің "2015 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы № 396 қаулысының (2015 жылғы 07 қаңтарда "Уба-Информ" газетінің № 1 санында жарияланған, Құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3594 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

А. Токтаров